

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) шеңберіндегі міндетті зейнетақы жарналары

ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАЛАРДЫ АУДАРУЫ



**ЖК ретінде тіркелген
өзін жұмыспен
қамтушы**

Өзі үшін ЖТС + әлеуметтік
аударымдар + зейнетақы
жарналарын төлейді

+

**қызметкерлер болған
жағдайда**



**ЖК ретінде тіркелген
өзін жұмыспен
қамтушы (қызметкер
пайдасына)**

"Бірыңғай төлемді" төлейді



**Заңды тұлғаға АҚС
шартымен қызмет
көрсететін фрилансер**

Салық агенті фрилансер
үшін ЖТС + әлеуметтік
аударымдар + зейнетақы
жарналарын төлейді



**ЖК ретінде тіркелмеген,
АҚС шарты жоқ өзін
жұмыспен қамтушы**

Бірыңғай жиынтық төлемді
(БЖТ), оның ішінде ЖТС,
МЗЖ, МӨМСА, ӨА төлей
алады



БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ (БЖТ). АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ.


Салық заңнамасына сәйкес Қазақстанда 2019 жылдан бастап арнайы салық режимі форматында енгізілген БЖТ ҚР-да өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыруға, әлеуметтік және медициналық сақтандыруға қол жеткізуінің қолданыстағы тетігі болып табылады.



БЖТ төлеушілер: жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз жеке тұлғалар (өз бетінше жұмыспен қамтылғандар)

БЖТ құрылымы мен мөлшері:



 **1 АЕК (2023 ж. – 3450 тг)**
республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада
 **0,5 АЕК (2023 ж. – 1725 тг)**
өзге елді мекендерде



Төлеушіге талаптар:

- ❖ БЖТ төлеу;
- ❖ жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланбау; салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсету және (немесе) акцизделетін өнімді қоспағанда, салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылықтың өз өндірісіндегі ауыл шаруашылығы өнімін сату;
- ❖ күнтізбелік жылдағы табыс мөлшері АЕК-тің 1175 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс

БЖТ төлеудің артықшылықтары:



-  БЖТ төлеушілер міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесіне, сондай-ақ, міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысады
-  БЖТ төленетін кезеңдер мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін еңбек өтіліне енгізіледі



БЖТ болашақ кезеңдер үшін алдын ала төленуі мүмкін, бірақ өткен кезеңдер үшін төленбейді

БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ (БТ)

БТ:	жұмыс беруші жүзеге асыратын бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне ерікті балама
Енгізілген күні:	2023 жылдың 1 қаңтары
БТ төлеуші:	ИП (жеңілдетілген декларация) және жалдамалы жұмысшылар үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер
Мақсат:	еңбекақы төлеу қорынан салық жүктемесін төмендету

 **37%** → **20%** 

Бұрын жұмыс беруші қызметкерлер үшін (қызметкерлердің кірістерінен) төлемдердің 5 түрін төлеген, олардың мөлшері 37% дейін жеткен

5 төлемдер:

МЗЖ

ӘА

МӘМС

МӘМСА

ЖТС

**Бірыңғай
төлем**

БТ ставкасы бекітілген, оның мөлшері 2023 жылдан 2028 жылға дейін кезең-кезеңімен ұлғаяды. :

2023 жылы – **20%**
2024 жылы – **21,5%**
2025 жылы – **23,8%**
2026 жылы – **24,8%**
2027 жылы – **25,8%**
2028 жылы – **26,3%**

2024 жылдан бастап МЗЖ енгізуді және МӘСҚ-ға аударымдар ставкасының өсуін ескере отырып ставканың өзгеруі

**! БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ БЖТ АЛМАСТЫРА
АЛМАЙДЫ**



БЖТ-ның өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін салық режимі ретіндегі әрекеті Салық кодексінде тек 5 жылдық кезеңге - **2019 жылдан 2023 жылға** дейін көзделген.

2019 → 2023 гг.



Кез-келген жаңашылдық уақытты қажет етеді. БЖТ тетігін енгізу кезінде бұл қызметтің пайдалылығын аз ғана адамдар түсінді. 5 жылдан кейін адамдар БЖТ-ның пайдалылығын танып, түсініп, БЖТ шеңберінде неғұрлым тұрақты аударымдар жасауға қызығушылық танытатын болады.



- **БЖТ-дан басқа, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды (ЖК ретінде тіркеусіз) қамту үшін басқа тетік жоқ**
- **Бірыңғай төлем БЖТ тетігін алмастырмайды, тек жалдамалы жұмыскерлер үшін жұмыс беруші (ЖК) жүзеге асыратын салық төлемдерінің тұтас тізбегін есептеудің стандартты тәсіліне балама болып табылады**
- **2024 жылдан бастап өзін жұмыспен қамтыған азаматтардың едәуірі зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау жүйелеріне қолжетімділікті жоғалтады**

ЗЕЙІН ҚОЙҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!